

ӘОЖ: 37.013:37.091

ҒТАМР 14.35.07

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.80.1.016>

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ MULTISKILLING ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ)

*Дауренбек Н.¹, Кошербаева А.Н.², Калимодаева А.К.³

*^{1,2,3} Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі білім беру жүйесінің трансформациясы жағдайында мұғалімнің кәсіби даярлығына қойылатын талаптар елеулі түрде өзгеріп, оның кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың тиімді модельдерін іздестіру өзекті мәселеге айналууда. ХХІ ғасыр мұғалімі тек пәндік білімді жеткізуші ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың сыни ойлауын, шығармашылық әлеуетін және әлеуметтік белсенділігін дамытатын көшбасшы, фасилитатор және тәлімгер ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ педагогтерді даярлау үдерісінде қатты (hard skills) және жұмсақ (soft skills) дағдыларын кіріктіре әрі теңгерімді дамытуға бағытталған multiskilling тұжырымдамасының маңызы артып отыр.

Мақалада болашақ педагогтердің кәсіби қызметке дайындығын айқындайтын қатты (цифрлық сауаттылық, оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыру, басқару және бағалау) және жұмсақ (коммуникативтік қабілеттер, командада жұмыс істеу, көшбасшылық, бейімделгіштік) арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті базасында сауалнама, тестілеу және Пирсонның корреляциялық талдауын қоса алғанда, математикалық-статистикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижелері қатты және жұмсақ дағдыларының көрсеткіштері арасында жоғары оң корреляцияның бар екенін көрсетті, бұл multiskilling тәсілін оқу үдерісіне енгізудің тиімділігін дәлелдейді. Көпбейінді құзыреттерді дамыту болашақ педагогтердің кәсіби икемділігін арттырып, инновациялық қызметке дайындығын және өзгермелі білім беру ортасына бейімделу қабілетін күшейтетіні анықталды.

Қорытындылай келе, multiskilling тұжырымдамасын жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне интеграциялау болашақ мұғалімдерді сапалы даярлаудың және еңбек нарығы талаптарына сай бәсекеге қабілетті маман қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Тірек сөздер: болашақ педагог, multiskilling, кәсіби даярлық, hard skills, soft skills, корреляциялық талдау, кәсіби гибридтену, кәсіби икемділік

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында кәсіби білім беру жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандарды қалыптастыруға бағыттаудың стратегиялық маңыздылығын атап көрсетті [1]. Бұл міндет заманауи педагогтардың бойында тек тар шеңберлі білімді ғана емес, сонымен қатар серпінді өзгерістерге бейімделген, көпфункционалды кәсіби дағдыларды (multiskilling) дамытуды талап етеді. Осы орайда, мамандарды даярлаудың мазмұнын жаңарту — еңбек нарығының жоғары талаптарына сай келетін бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады.

Жалпы педагог мамандардың және болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетін дамыту мен қалыптастыру мәселелері отандық ғалымдар: Сейтешев А.А., Сейталиев К.Б., Бейсембаева А.А., Калыбекова А.А., Узақбаева С.А., Кенжебеков Б.Т., Көшербаева А.Н., Бурдина Е.И. және т.б., сондай-ақ ресейлік зерттеушілер: Боднар А.М., Божинская Т.Л., Киселева О.О., Костылева А.А. және басқа да авторлардың ғылыми еңбектерінде зерттелген. Болашақ педагогтарды кәсіби қызметке дайындау үдерісінің психологиялық-педагогикалық аспектілеріне Хмель Н.Д., Қонақбаева Ұ.Ж., Ахметова Г.К., Молдабекова М.С., Джанбубекова М.З, Сайлыбаев Б, Каргин С.Т, Хурло Л. сынды ғалымдардың еңбектері арналды.

Сондай ақ шет ел ғалымдары да болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету мәселелері кеңінен қарастырып келеді. Мысалы, Рейс-Джордж Дж.М. өзінің зерттеуінде болашақ педагогтарға зерттеу процесіне балама сипаттама берудің 12 тәсілін ұсынды, сондай-ақ мұғалімдерді зерттеулерге тартуға арналған дескрипторлар әзірледі [2, б.231]. Болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және кәсіби дамуына ықпал етудің жолдары Гирдник Г., Боей Ф. және басқа да авторлардың зерттеулерінде талқыланған [3, б.972]. Мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуын басқару модельдерін Шерля, Гултом С. және басқа ғалымдар қарастырған [4, б.198].

Зерттеуші Daniela Cretu [5] 21 ғасырдың болашақ мұғалімдерінің дағдыларын дамыту мақаласында былай дейді: Еуропада ххi ғасырдың дағдылары негізінен өмір бойы білім алуға арналған негізгі құзыреттер туралы ұсыныста барлық адамдарға жеке тұлғаны жүзеге асыру және дамыту, белсенді азаматтық алу, әлеуметтік қамту және жұмысқа орналасу үшін қажетті 8 негізгі құзыреттілік анықталған: ана тілінде қарым-қатынас жасау; шет тілдеріндегі қарым-қатынас; математикалық құзыреттілік және ғылым мен техникадағы негізгі құзыреттер; цифрлық құзыреттілік; оқуды үйрену; әлеуметтік және азаматтық құзыреттілік; бастамашылдық пен кәсіпкерлік сезімі; және мәдени хабардарлық пен пікір білдіру [6]. Зерттеушінің пікірінше бұл дағдылардың негізін қалағанға мұғалімдердің рөлі зор.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің география пәнінің тәжірибелі мұғалімі Марал Жүнісбаеваның пікірінше, оқушылардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін тілдік дағдыларды – оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалымды – қалыптастыру қажет. Жалпы алғанда, ХХІ ғасырдың талаптарына сай кең ауқымды дағдыларды дамыту маңызды. Бұл дағдыларды оқушыларға тиімді меңгерту үшін, ең алдымен, мұғалімнің өзі де осы дағдыларға ие болып, оқушылармен шығармашылық қарым-қатынас орната білуі тиіс.[7]

Яғни болашақ педагогтерді кәсіби даярлау барысында тек теориялық (қатты дағдылар - hard skills) біліммен шектелмей, тұлғалық және коммуникативтік (жұмсақ дағдылар-soft skills) қабілеттерді де қатар дамыту қажет. Бұл оларға жаңа буын оқушыларымен тиімді жұмыс істеуге және кәсіби тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге көмектеседі.

Педагогикалық контексте multiskilling — бұл мұғалімнің тек өз пәнін білуі ғана емес, сонымен қатар іргелес салалардағы (психология, ИТ-технологиялар, медиа-сауаттылық, инклюзивті білім беру) құзыреттерді тең дәрежеде меңгеруі. Бұл тұжырымдаманың маңызы — педагогтың кәсіби тұрақсыздық пен өзгермелі оқу бағдарламалары жағдайында «функционалды әмбебаптығын» қамтамасыз етуінде. Егер техникалық салада бұл бірнеше станокты басқару болса, педагогикада бұл — бір мезетте оқытушы, модератор, психологиялық кеңесші және цифрлық контент жасаушы рөлдерін тиімді ұштастыру қабілеті.

Зерттеудің мақсаты — болашақ педагогтерді даярлаудағы multiskilling тұжырымдамасының теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау және оның қатты және жұмсақ дағдыларын үйлесімді дамытудағы тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеу. Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалды:

1. Теориялық-әдіснамалық міндет: multiskilling тұжырымдамасының педагогикалық мазмұнын ашу және оның техникалық білім беру саласынан айырмашылығын, педагог мамандарға бейімделу ерекшеліктерін негіздеу.

2. Эмпирикалық-диагностикалық міндет: Болашақ педагог-психологтардың қатты және жұмсақ дағдыларының өзара байланысын және олардың қазіргі даму деңгейін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс (сауалнама, тестілеу) арқылы анықтау.

3. Аналитикалық-тұжырымдамалық міндет: Алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу (Пирсон корреляциясы) арқылы multiskilling тәсілінің кәсіби даярлық сапасын арттырудағы маңызын дәлелдеу және оқу бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.»

Осы зерттеудің негізгі сұрағы — болашақ педагогтердің қатты (кәсіби-техникалық) және жұмсақ (тұлғааралық) дағдыларының өзара байланысы *multiskilling* тұжырымдамасы аясында олардың кәсіби даярлық

деңгейіне қалай әсер ететіндігін анықтау болып табылады.

Зерттеудің маңыздылығы, multiskilling (көпбейінділік) концепциясының педагогикалық интерпретациясын жасаумен және оның техникалық саладағы бастапқы мағынасын білім беру контекстіне бейімдеуімен негізделеді. Теориялық тұрғыдан бұл жұмыс педагогтың «кәсіби гибридтенуі» моделін ұсынып, статистикалық талдау ($r = 0.708$; $p < 0.001$) арқылы техникалық және әлеуметтік құзыреттердің ажырамас тұтастығын ғылыми негіздейді. Практикалық деңгейде зерттеу нәтижелері ЖОО-дағы білім беру бағдарламаларын жаңғыртуға, пәнаралық модульдерді енгізуге және болашақ мамандардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыратын бағалаудың критериялды жүйесін жетілдіруге тікелей мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болашақ педагогтерді даярлау жүйесінде multiskilling тұжырымдамасын педагогикалық тұрғыдан негіздеумен айқындалады. Зерттеу барысында multiskilling ұғымына педагогикалық интерпретация жасалып, оның техникалық саладағы бастапқы мазмұны болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына бейімделді. Қатты және жұмсақ дағдыларының сызықтық емес интеграциясына негізделген болашақ педагогтің «кәсіби гибридтенуі» моделі ұсынылды. Сонымен қатар, қатты және жұмсақ дағдылар арасындағы өзара байланыс эмпирикалық деректер мен статистикалық талдау ($r = 0.708$; $p < 0.001$) арқылы дәлелденіп, multiskilling тәсілінің болашақ педагогтердің кәсіби икемділігін арттырудағы тиімділігі айқындалды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында жоғары білімнің білім беру стандарттары, диссертациялық зерттеулер, ғылыми жарияланымдар және педагогтардың үздіксіз кәсіби білімі саласындағы жеке әзірлемелер зерттеу материалдары ретінде қарастырылды. Зерттеуде теориялық және нормативтік дереккөздерді талдау, материалды жүйелеу, талдау, жіктеу және жалпылау әдістерімен қатар, эмпирикалық, аналитикалық және эксперименттік әдістер, соның ішінде ғылыми әдебиеттерді талдау, педагогикалық бақылау, сұхбат, сауалнама, тестілеу және математикалық статистика әдістері қолданылды.

Зерттеудің эмпирикалық мәліметтері Google Forms платформасы арқылы жинақталды. Сауалнама құрылымы студенттердің қатты дағдылар (цифрлық сауаттылық, сабақты жоспарлау) және жұмсақ дағдылар (командалық жұмыс, эмоционалды интеллект) деңгейін анықтауға бағытталған 25 сұрақтан тұрды. Респонденттердің жауаптары 5 балдық Ликерт шкаласы бойынша бағаланды. Жинақталған бастапқы деректер математикалық-статистикалық өңдеуден өткізу үшін IBM SPSS Statistics 21 бағдарламасына импортталды.

Конструктілік валидтілік: Зерттеу барысында қолданылған сауалнама құралдарының ғылыми негізділігін қамтамасыз ету мақсатында олардың валидтілігі (validity) мен сенімділігі (reliability) тексерілді. Жүргізілген Пирсон корреляциялық талдауы ($r = 0.708$) құралдың конструктілік валидтілігін қосымша растайды, себебі ол теориялық болжамға (қатты және жұмсақ дағдылардың өзара тығыз байланысы) сәйкес келетін эмпирикалық нәтижелерді көрсетті.

Зерттеу барысында таңдалған 146 студенттің көрсеткіштері IBM SPSS Statistics 21 бағдарламасында өңделді. Пирсон корреляция коэффициенті (r) педагогтың техникалық даярлығы мен оның командалық-коммуникативтік қабілеттері арасындағы статистикалық тәуелділікті анықтау үшін пайдаланылды

Нәтижелер

XXI ғасырда мұғалімнің рөлі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Қазіргі заман мұғалімі тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар білім беру ортасындағы тәлімгер, көшбасшы және коммуникатор ретінде әрекет етеді. Бұл рөл білім сапасын арттыруда жаңа мүмкіндіктер туғызып, мұғалімдерге оқыту үрдісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының мазмұнын, әдістемесін және бағалау негіздерін қайта қарастыру маңызды. Мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау мақсатында жұмыс тәсілдерін реформалау қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі әлемде оқушыларды жылдам өзгертін ортада өмір сүру мен жұмыс істеуге қажетті білім және дағдылармен қамтамасыз ету – мұғалімдердің басты міндеті. Осыған орай, мұғалімдерді даярлау бағдарламалары болашақ педагогтарға оқу үрдісін ұйымдастырудың заманауи мүмкіндіктерін ұсынуы тиіс.

Жаһандық процестер мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында кәсіптік білім беру жүйесіне жоғары талаптар қойылуда. Бұрын болашақ мұғалімдерді даярлау құзыреттілікке негізделсе, қазіргі таңда бәсекеге қабілеттілік және көпбіліктілік (multiskilling) ұғымдарына ерекше назар аударылуда. Қазіргі уақытта бұл ұғымның қазақ тілінде бірізді баламасы қалыптаспағандықтан, multiskilling термині түпнұсқалық атауымен беріледі. Бұл – болашақ мұғалімдерге бірнеше саланы игеруге мүмкіндік беретін, олардың кәсіби бейімділігі мен әмбебаптығын қамтамасыз ететін маңызды қағидат.

Мұндай өзгерістер білім беру мазмұнын жаңғыртумен қатар, оқытушылардың кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді енгізуді талап етеді. Жоғарыда аталған факторлар заманауи мұғалімдердің рөлі мен кәсіби дамуының маңыздылығын айқындай түседі.

Multiskilling – бұл адамның әртүрлі салалардағы бірнеше дағдыларды меңгеру қабілетін білдіретін көпбейінділік (универсалдылық) тұжырымдамасы. Бұл ұғым маманның әртүрлі тапсырмалар мен рөлдерді атқара алуын қамтамасыз етеді, яғни белгілі бір кәсіби қызметке қажетті техникалық (қатты дағдылар) мен әлеуметтік (жұмсақ дағдылар) қабілеттерді бір уақытта меңгеруді білдіреді. Л.Т. Плаксинаның анықтамасы бойынша бірнеше дағдыларға ие болудан басқа (мультискиллинг - мультискиллинг) болашақ кәсіпорындарда әр түрлі тапсырмаларды шешуге және/немесе бір уақытта бірнеше тапсырмаларды орындауға жылдам ауысу мүмкіндігі маңызды рөл атқарады (multitasking) [8]

Қатты дағдылар нақты кәсіби міндеттерді орындауға қажетті техникалық білім мен қабілеттерді қамтыса, soft skills кәсіби ортада тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін қарым-қатынас, көшбасшылық және бейімделу дағдыларын қамтиды. Осы екі дағды жиынтығы болашақ мамандардың әмбебаптығын қамтамасыз ететін multiskilling түсінігінің негізіне айналады. Дегенмен қатты дағдылар мен әлеуметтік (жұмсақ дағдыларды жеке қарастырып көрейік.

Қатты дағдылар ұғымы ХХ ғасырдың ортасында кәсіби құзыреттіліктер мен қызметкерлерге қойылатын талаптарды зерттеу барысында пайда болды. Бұл термин кадрларды басқару және кәсіби оқыту саласында кеңінен қолданыла бастады, себебі жұмыс тиімділігі үшін тек жеке қасиеттер ғана емес, сонымен қатар нақты техникалық білім мен дағдылар қажет екені анықталды. 1950-1960 жылдары өнеркәсіп өндірісі мен экономиканың қарқынды дамуымен бірге жұмысшыларға қойылатын талаптар жүйелі түрде зерттеліп, кәсіби құзыреттілік ұғымы қалыптасып, онда техникалық дағдылар қатты дағдылар тұлғалық қасиеттерден жұмсақ дағдылар ажыратылды. Осы тұрғыда шетел ғалымдарының еңбектері біздің зерттеуімізге қызығушылық тудырды. Олардың зерттеулерінде техникалық білімнен бөлек, тұлғалық қабілеттердің де маңыздылығы атап өтіледі. Мысалы, жұмсақ дағдыларды қалыптастырудың теориясының негізін қалаған Дэвид Макклелланд: құзыреттілік белгілі бір дәрежеде туа біткен қасиеттер болғанымен, ол оқыту мен оқыту арқылы өзгеріп, дамиды деп тұжырымдамалы ой түйіндейді. Сонымен қатар, ғалым кәсіби жетістіктерге әртүрлі дағдылардың әсері туралы айтып тұлғалық қабілеттердің жұмсақ дағдылар концепциясын қарастырады [9].

Дағдылардың қатты және жұмсақ екі түрі бөлек жіктелгенімен, олардың өзара тәуелділігін, сондай-ақ белгілі бір білім салаларындағы ерекшелігін түсіну қажет. Өткен жылдары білім беру мен бизнесті қоса алғанда, көптеген салаларда жұмсақ дағдылардың маңыздылығын мойындауға тура келеді [10]. «Жұмсақ дағдылар төңкерісі» деп аталатын бұл дағдыларды дамытуға және бағалауға деген қызығушылықтың артуына

әжелді, өйткені ұйымдар олардың жұмыс орнындағы құндылығын көбірек түсіне бастады. Дегенмен, жұмсақ дағдылардың нені білдіретіні және қатты дағдылардың табысқа жету үшін қаншалықты маңызды болып қала беретіні туралы әлі де біраз пікірталастар бар. Жұмсақ дағдылардың танылған құндылығына қарамастан, бұл дағдыларды өлшеу мен бағалаудың стандартты анықтамасының немесе жүйелі тәсілінің болмауы оларды қайта қарау және салыстыру кезінде қиындық тудырады [11]. Демек бұл екі (жұмсақ және қатты) дағдыларды біздің жағдайда педагогика және психологиялық бағытта қайта қарастыру тура келеді. Төменгі кестелерде (№1-2) екі дағдының сипаттамаларын авторларлық көзқарасымен жйелеуді жөн көрдік.

Кесте 1 - «Hard skills» ұғымының авторлық сипаттамалары

№	Авторлар	Берілген сипаты мен анықтамалары
1	Тагаурщикова Д	Іс жүзінде көрсетуге және автоматизмге жеткізуге болатын белгілі бір тапсырмаларды орындау техникасымен байланысты дағдылар-бұл белгілі бір кәсіптерге тән және алдын-ала зерттелген алгоритм бойынша орындалатын ерекше дағдылар.
2	Лейкерс, Деннис Р. және Джимми Л.	«Қатты дағдылар» әдетте оқу процесінде алынады және жұмыс міндеттерін орындау үшін қажетті шарт болып табылады
3	Герасименко Татьяна Леонидовна	Hard skills формируются в процессе выполнения упражнений, сопровождающих чтение текста, отражающего специфику специальных знаний.
4	Портланд Ю.	Қатты дағдылар: компанияда жұмыс істеу үшін сізге тікелей қажет және біліктілік жұмыс талабына тікелей сәйкес келетін дағдылар
5	Харгуд, Чарли және Стивен Пекхэм.	Қатты дағдылар білімге негізделген нақты тапсырмалар үшін қажет және көбінесе университеттер мен техникалық мектептерде оқытылады.

Кесте 2 - «Soft skills» ұғымының авторлық сипаттамалары

№	Авторлар	Берілген сипаты мен анықтамалары
1	Ольга Биккулова	Soft skills оңай қадамдық нұсқаулар жоқ: адам немесе туылғаннан бастап қандай да бір сапаға ие (мысалы, Достық, сабырлы мінез) немесе оны тәжірибемен, сынақ пен қателік арқылы алады (мысалы, командада жұмыс істей білу, көшбасшылық қасиеттер)
2	Герасименко Татьяна Леонидовна	Soft skills қалыптастыру коммуникативтік тәсіл шеңберінде өтеді және әдістемелік қағидаларды негіз етеді
3	Д. Голман	Soft skills – бұл адамдардың эмоцияларын басқару, тиімді қарым-қатынас орнату, эмпатия таныту, топта жұмыс істеу және әлеуметтік жағдайларға бейімделу қабілеттері.

4	Харгуд, Чарли және Стивен Пекхэм.	Жұмсақ дағдылар көбінесе қиын дағдыларға қарағанда жұмыс орнындағы табыстың жақсы болжаушысы болып табылады, өйткені олар жеке және тұлғааралық жұмыс үшін өте маңызды
---	-----------------------------------	--

Кестелерде көрсетілгендей қатты дағдысы білімге негізделген нақты тапсырмалар үшін қажет болып келеді, ал soft skills сол білімді тиімді іске асыруда тұлғаға қажетті қарым-қатынас орнату дағдылары. Шетел ғалымдарының пікірінше, қатты дағдысы және жұмсақ дағдыларының қалыптасуына негіз болатының насихаттайды. Сондықтан қатты дағды жеткілікті деңгейде дамымаған жағдайда, жұмсақ дағдыны меңгеру және әрі қарай дамыту қиынға соғады [12]. Сонымен қатар, зерттеушілер жұмыс орнында қажетті кез келген дағдының «қатты» және «жұмсақ» деп, олардың үйлесімін анықтады. Кейбір зерттеулерде екі дағды түрінің арасында ортақ элементтердің бар екені анықталады және өзара байланыс ретінде қарастырылады [13]. Бұл білім берушілер мен жаттықтырушылар үшін дағдылардың техникалық және техникалық емес аспектілерін түсініп, адамдарды жан-жақты дамытуға мүмкіндік беретін маңызды бағыт болып табылады. Мысалы, жұмсақ дағдылар И.Г. Исхақбаева мен Л.А. Шкутинаның зерттеуінде төрт негізгі топқа бөлініп көрсетіледі: базалық (коммуникация, топтық жұмыс), цифрлық (IT-сауаттылық), педагогикалық (түсіндіру, иллюстрациялау) және аналитикалық (сыни ойлау, ақпаратты синтездеу) [14].


Қазіргі заманғы еңбек нарығы жоғары деңгейдегі бәсекелестікке ие болғандықтан, техникалық білім жеткіліксіз болып келеді. Бұл жайлы Жадько Н.В., Безруких М.М өз еңбектерінде атап өтеді [15]. Жұмыс берушілер қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігімен қатар, олардың коммуникативтік, ұйымдастырушылық және бейімделгіш қабілеттерін де бағалайды. Сондықтан «қатты» дағдылар нақты кәсіби міндеттерді орындауға мүмкіндік берсе, «жұмсақ» дағдылар бұл міндеттерді тиімді және креативті орындауға ықпал етеді. Бұл екі дағдының үйлесімі қызметкерлерге жұмысты тиімді орындауға ғана емес, сонымен қатар мансаптық өсуге де мүмкіндік береді. Осыған байланысты оқыту бағдарламаларында екі дағды түрін де дамытуға ерекше көңіл бөлінуі тиіс деп, негізгі ойымызды нақтылаймыз.

Талқылау

Қолданылған әдістердің жиынтығы зерттеудің негізгі идеясын — болашақ педагогтың көпбейінділік моделін жасауды толық қамтамасыз етеді. Контент-талдау модельдің мазмұнын қалыптастырса, статистикалық зерттеу сол модельдің ішкі элементтерінің (дағдылардың) өзара байланыс механизмін ашып көрсетті.


Берілген деректерді талдау үшін *Лайкерт шкаласы* (Likert scale) қолданылды. Бұл шкала респонденттердің белгілі бір пікірлерге немесе қабілеттерге деген көзқарасын өлшеу үшін жиі қолданылады. Респонденттер өздерінің қабілеттерін бес деңгейлі шкала бойынша бағалаған.

5. Multiskilling дағдыларын (мысалы, цифрлық технологияларды қолдану, топты басқару, жобалық жұмыс) ескере отырып, оқу әрекетін ...ұйымдастыру қабілетіңізді қалай бағалайсыз?
147 ответов



Сурет 1 - Студенттердің оқу әрекетін жоспарлау дағдылары

10. Командада жұмыс істеу, күрделі педагогикалық мәселелерді шешу және білім беру процесіндегі өзгерістерге бейімделу қабілетіңізді қалай бағалайсыз?
147 ответов



Сурет 2 - Командалық әрекеттесу және бейімделгіштік көрсеткіштері

Респонденттердің көпшілігі командалық жұмыста және күрделі педагогикалық мәселелерді шешуде жоғары немесе орташа деңгейдегі қабілеттерге ие деп санайды. Демек, мұғалімдердің бейімделгіштігі мен топта жұмыс істеу дағдылары жақсы дамыған. Алайда бұл жылдам ағындағы қоғамда жеткіліксіз. Multiskilling дағдыларын ескере отырып оқу әрекетін ұйымдастыру қабілетінің орташа стандартты ауытқуы шамамен 9,5-ке тең. Бұл өте төмен көрсеткіш.

Кесте 3 - Кәсіби дағдылардың өзара байланыс матрицасы

Корреляция көрсеткіші		
	Командада жұмыс істеу, күрделі педагогикалық мәселелерді шешу қабілетіңізді қалай бағалайсыз	Multiskilling дағдыларын ескере отырып, оқу әрекетін жоспарлау мен ұйымдастыру қабілетіңізді қалай бағалайсыз?

Командада жұмыс істеу, күрделі педагогикалық мәселелерді шешу қабілетіңізді қалай бағалайсыз	Пирсон корреляциясы	1	708**
	Маңызды. (екі жақты)		000
	N	146	146
Multiskilling дағдыларын ескере отырып, оқу әрекетін жоспарлау мен ұйымдастыру қабілетіңізді қалай бағалайсыз?	Пирсон корреляциясы	708**	1
	Маңызды. (екі жақты)	000	
	N	146	146

Командада жұмыс істеу, күрделі педагогикалық мәселелерді шешу қабілеттері мен Multiskilling дағдыларын ескере отырып оқу әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру қабілеттері арасындағы Пирсон корреляциясы 0.708 болып, олардың арасындағы жоғары оң байланысты білдіреді. Р-мәні 0.000 болғандықтан, нәтиже статистикалық тұрғыдан маңызды болып саналады. Бұл көрсеткіш болашақ педагогтердің қатты дағдылары (техникалық, нақты кәсіби дағдылар) мен жұмсақ дағдылары (коммуникация, көшбасшылық, бейімделу қабілеттері) арасындағы үйлесімділіктің педагогикалық қызметте маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Яғни, командада жұмыс жасау және күрделі педагогикалық мәселелерді шешу дағдылары жоғары деңгейде дамыған студенттер оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыруда да тиімділігін көрсетіп отыр.

Сонымен, зерттеудің негізгі идеясы — болашақ педагогтың кәсіби даярлығын «сызықтық емес» (non-linear) модельге көшіру. Дәстүрлі білім беруде қатты және жұмсақ дағдылар бөлек қарастырылса, біз ұсынып отырған multiskilling моделі бойынша бұл дағдылардың интеграциясы «кәсіби гибридтенуді» тудырады. Бұл дегеніміз — мұғалім тек ақпарат беруші емес, ол бір мезетте білім беру ортасының дизайнері қатты және оқушының эмоционалдық коучы жұмсақ ретінде әрекет етеді.

Зерттеуде қолданылған *multiskilling* термині педагогикалық дидактика аясындақұзыреттердің конвергенциясы ретінде түсіндіріледі. Статистикалық талдау нәтижесінде анықталған $r = 0.708$ ($p < 0.001$) көрсеткіші — бұл жай ғана сан емес, ол педагогтың көпфункционалдылығының дәлелі. Бұл байланыс мұғалімнің жобалау дағдылары яғни қатты мен оның әлеуметтік икемділігінің жұмсақ ажырамас екенін көрсетеді. Демек, терминологиялық тұрғыдан бұл үдерісті педагогтың кәсіби рөлдерінің «гибридтенуі» деп атау орынды. Студенттер арасындағы 0.708 корреляциясы дәл осы гибридтенудің табиғи заңдылық екенін дәлелдейтін біздің басты ғылыми аргументіміз болып келеді.

Қорытынды

Бұл зерттеудің мақсаты болашақ педагогтердің кәсіби даярлығы деңгейіне multiskilling тұжырымдамасы аясында қатты және жұмсақ дағдыларын интеграциялаудың ықпалын анықтау болды. Жүргізілген теориялық және эмпирикалық талдау қойылған мақсаттың толық орындалғанын көрсетті, себебі алынған нәтижелер multiskilling-тің заманауи мұғалімді даярлаудың тұтас әрі тиімді моделі екенін дәлелдейді. Зерттеудің негізгі сұрағы — қатты дағдылар мен жұмсақ арасындағы өзара байланыстың сипатын айқындау — статистикалық тұрғыдан расталды. Корреляциялық талдау нәтижелері ($r = 0.708$; $p < 0.001$) кәсіби-техникалық және әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттер арасында тұрақты оң байланыс бар екенін көрсетті. Бұл болашақ педагогтің кәсіби қызметінде оқытушы, оқу үдерісін ұйымдастырушы және әлеуметтік өзара әрекет субъектісі ретіндегі рөлдерінің бірігуін сипаттайтын кәсіби гибридтену үдерісінің қалыптасуын білдіреді. Зерттеу нәтижелері multiskilling тәсілінің болашақ педагогтердің кәсіби икемділігін, бейімделгіштігін және инновациялық қызметке дайындығын арттыратынын көрсетеді. Әсіресе бұл ықпал институционалдық қолдаумен және практикалық-бағдарланған оқытумен ұштасқан жағдайда айқын көрінеді. Сонымен қатар, зерттеу өзін-өзі бағалау деректеріне негізделгендіктен, себеп-салдарлық байланыстарды толық анықтауға белгілі бір шектеулер бар. Алдағы зерттеулерде деректер көзін кеңейтіп, ұзақмерзімді және салыстырмалы әдістерді қолдану орынды. Осылайша, multiskilling тұжырымдамасын жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне енгізу болашақ мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан икемді, бәсекеге қабілетті және әлеуметтік жауапты маман ретінде даярлаудың стратегиялық маңызды бағыты болып табылады.

Зерттеудің нәтижелерін қорытындылай келе, оның бірқатар әдістемелік шектеулері бар екенін атап өту қажет. Зерттеудің негізгі шектеуі оның локализациясына байланысты, яғни эмпирикалық мәліметтер тек бір жоғары оқу орнымен шектелгендіктен, алынған нәтижелерді бүкіл білім беру жүйесіне толықтай жалпылауға мүмкіндік бермейді. Осыған орай, болашақ зерттеулердің басым бағыты ретінде Multiskilling тұжырымдамасы негізінде пәнаралық оқу модульдерін әзірлеу және олардың тиімділігін кең ауқымды педагогикалық эксперименттер арқылы тексеру ұсынылады. Бұл бағыт білім беру бағдарламаларын жаңғыртуға және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады

ӘДЕБИЕТ

[1] Тоқаев Қ.-Ж. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»: Қазақстан халқына Жолдауы. – 1 қыркүйек 2020ж. – memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-hylgy-1-kyrkuiek (қолданылған күні: 14.04.2025).

[2] Reis J. J. M. Developing teachers' knowledge and skills as researchers: a conceptual framework // *Asia-Pacific Journal of Teacher Education*. – 2005. – Vol. 33, № 3. – P. 227–230.

[3] Geerdink G., Boei F., Willemsse M., Kools Q. Fostering teacher educators' professional development in research and in supervising student teachers' research // *Teachers and Teaching: Theory and Practice*. – 2016. – Vol. 22, № 8. – P. 965–982.

[4] Gultom S. Sh., Daryanto E., Nasrun B. Management of continuous professional development through competency-based training model for junior high school teachers // *Emerging Science Journal*. – 2022. – Vol. 7, № 1. – P. 190–206.

[5] Bernhardt M., Cretu D., Tanrikulu F., Hafour A., Al-Rashidy F. Fostering 21st century skills for future teachers. – 2015–2020.

[6] European Parliament; Council of the European Union. Recommendation of the European Parliament and of the Council of 18 December 2006 on key competences for lifelong learning // *Official Journal of the European Union*. – 2006. – No. L 394. – P. 10–18.

[7] Жүнісбаева М. Білім мен дағды ұштасса // *Egemen Qazaqstan*. – URL: <https://egemen.kz/article/146776-bilim-men-daghdy-ushtassa> (қолданылған күні: 19.04.2025).

[8] Плаксина Л. Т., Орлов В. Ю. Технологии мультискиллинга в системе непрерывного образования // *Непрерывное образование: теория и практика реализации : материалы Междунар. науч.-практ. конф.* – Екатеринбург : РГППУ, 2018. – С. 230–233.

[9] Макклелланд Д., Маслоу А., Беннис У., Герцберг Ф., Мак-Грегор Д. *Продвижение людей и команд*. – Санкт-Петербург, 2014. – 208 с.

[10] Andrews J., Higson H. Graduate employability, 'soft skills' versus 'hard' business knowledge: a European study // *Higher Education in Europe*. – 2008. – Vol. 33. – P. 411–422.

[11] Succi C., Canovi M. Soft skills to enhance graduate employability: comparing students and employers' perceptions // *Studies in Higher Education*. – 2020. – Vol. 45. – P. 1834–1847.

[12] Герасименко Т. Л., Ковальчук С. В. Особенности формирования soft skills и hard skills в процессе обучения профессионально ориентированному языку в неязыковом вузе как условие будущей конкурентоспособности выпускника // *Современное педагогическое образование*. – 2023. – № 4. – С. 182–185.

[13] Laker D. R., Powell J. L. The differences between hard and soft skills and their relative impact on training transfer // *Human Resource Development Quarterly*. – 2011. – Vol. 22. – P. 111–122.

[14] Iskhakbayeva T. G., Shkutina L. A., Danek J. Formation of soft skills

among students using Coursera: Kazakhstan experience // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series: Pedagogical Sciences. – 2024. – Vol. 73, № 2.

[15] Жадько Н. В., Безруких М. М. Концептуальная модель hard skills vs soft skills в структуре функциональной грамотности // Обучение иностранным языкам. – 2022. – Т. 49, № 3. – С. 224–233.

REFERENCES

[1] Тоқаев Қ.-Ж. «Jaña jaғdaydaǵı Qazaqstan: is-qimil kezeñi»: Qazaqstan xalqına Joldawı. – 1 qırküyek 2020j. - memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy (Kazakhstan in the new situation: a period of action”: Address to the people of Kazakhstan) -2020-hylgy-1-kyrkuiek. 14.04.2025 [in Kaz]

[2] Reis J.J.M. Developing teachers’ knowledge and skills as researchers: a conceptual framework // Asia-Pacific Journal of Teacher Education. – 2005. – Vol. 33, Iss. 3. – P. 227–230.

[3] Geerdink G., Boei F., Willemse M., Kools Q. et al. Fostering teacher educators’ professional development in research and in supervising student teachers’ research // Teachers and Teaching: Theory and Practice. – 2016. – Vol. 22, Iss. 8. – P. 965–982. –

[4] Gultom S.Sh., Daryanto E., Nasrun B. Management of continuous professional development through competency-based training model for junior high school teachers // Emerging Science Journal. – 2022. – Vol. 7, Iss. 1. – P. 190–206.

[5] Bernhardt M., Cretu D., Tanrikulu F., Hafour A., Al-Rashidy F. Fostering 21st century skills for future teachers. – 2015–2020.

[6] European Parliament, Council of the European Union. Recommendation of the European Parliament and of the Council of 18 December 2006 on key competences for lifelong learning // Official Journal of the European Union. – 2006. – No. L 394. – P. 10–18.

[7] Jünisbaeva M. Bilim men daǵdı uštassa (Knowledge and skills are interconnected) // Egemen Qazaqstan. – Kirw rejimi: <https://egemen.kz/article/146776-bilim-men-daghdy-ushatassa>. [Qaralǵan küni: 19.04.2025] [in Rus]

[8] Plaksina L.T., Orlov V.YU. Tekhnologii mul’tiskillinga v sisteme nepreryvnogo obrazovaniya (Multiskilling technologies in the system of continuous education) // Nepreryvnoye obrazovaniye: teoriya i praktika realizatsii: materialy Mezhdunar. nauch.-prakt. konf. – Yekaterinburg: RGPPU, 2018. – S.230-233 [in Rus]

[9] Makklelland D., Maslou A., Bennis U., Gertsberg F., Mak-Gregor D. Prodvizheniye lyudey i komand (Promoting people and teams). – Sankt-Peterburg, 2014. – 208 s. [in Rus]

[10] Andrews J., Higson H. Graduate employability, ‘soft skills’ versus ‘hard’ business knowledge: A European study // Higher Education in Europe. – 2008. – Vol. 33. – P. 411–422.

[11] Succi C., Canovi M. Soft skills to enhance graduate employability: Comparing students and employers’ perceptions // Studies in Higher Education. – 2020. – Vol. 45. – P. 1834–1847.

[12] Gerasimenko T.L., Koval’chuk S.V. Osobennosti formirovaniya soft skills i hard skills v protsesse obucheniya professional’no oriyentirovannomu yazyku v neyazykovom vuze kak usloviye budushchey konkurentosposobnosti vypusknika (Features of the formation of soft and hard skills in the process of teaching a professionally oriented language in a non-linguistic university as a condition for the future competitiveness of graduates) // Sovremennoye pedagogicheskoye obrazovaniye. – 2023. – № 4. – S. 182–185. [in Rus]

[13] Laker D.R., Powell J.L. The differences between hard and soft skills and their relative impact on training transfer // Human Resource Development Quarterly. – 2011. – Vol. 22. – P. 111–122.

[14] Iskhakbayeva T.G., Shkutina L.A., Danek J. Formation of soft skills among students using Coursera: Kazakhstan experience // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL», series: “Pedagogical Sciences”. – 2024. – Т. 73, No 2.

[15] Zhadko N.V., Bezrukikh M.M. Kontseptual’naya model’ hard skills vs soft skills v strukture funktsional’noy gramotnosti (Conceptual model of hard skills vs soft skills in the structure of functional literacy // Teaching Foreign Languages). – 2022. – Vol. 49, № 3. – P. 224–233.

ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ НА ОСНОВЕ КОНЦЕПЦИИ MULTISKILLING (ЭМПИРИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ)

*Дауренбек Н.¹, Кошербаева А.Н.², Калимодаева А.К.³

*^{1,2,3}КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

Аннотация. В условиях трансформации современной системы образования существенно меняются требования к профессиональной подготовке учителя, что актуализирует поиск эффективных моделей формирования его профессиональных компетенций. Учитель XXI века рассматривается не только как носитель предметных знаний, но и как лидер, фасилитатор и наставник, способный развивать у обучающихся критическое мышление, творческий потенциал и социальную активность. В данном контексте особую значимость приобретает концепция **multiskilling**, ориентированная на интеграцию и сбалансированное развитие hard skills и soft skills в процессе подготовки будущих педагогов.

В статье представлены результаты эмпирического исследования, направленного на выявление взаимосвязи между жесткие (цифровая грамотность, планирование и организация учебного процесса, управление и оценивание) и мягкие навыки (коммуникативные умения, командная работа, лидерство, адаптивность), определяющих уровень готовности будущих педагогов к профессиональной деятельности. Исследование проведено на базе Казахского национального педагогического университета имени Абая с применением анкетирования, тестирования и методов математико-статистического анализа, включая корреляционный анализ Пирсона. Полученные результаты свидетельствуют о наличии высокой положительной корреляции между показателями жесткие и мягкие навыки, что подтверждает эффективность внедрения multiskilling-подхода в образовательный процесс. Установлено, что развитие многопрофильных компетенций способствует формированию у будущих педагогов профессиональной гибкости, готовности к инновационной деятельности и способности адаптироваться к изменяющимся условиям образовательной среды.

В конечном итоге в исследовании делается вывод о том, что интеграция концепции multiskilling в систему высшего педагогического образования является важным условием повышения качества подготовки будущих учителей и формирования конкурентоспособных специалистов, соответствующих требованиям современного рынка труда.

Ключевые слова: будущий педагог, multiskilling, профессиональная подготовка, hard skills, soft skills, корреляционный анализ, профессиональная гибридизация, профессиональная гибкость

FEATURES OF PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE TEACHERS BASED OF THE MULTISKILLING CONCEPT (EMPIRICAL RESEARCH)

*Daurenbek N.¹ Kosherbayeva A.N.² Kalimoldayeva A.K³

*^{1,2,3}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. In the context of the transformation of the modern education system, the requirements for teachers' professional training are undergoing significant changes, which makes the search for effective models of competence development increasingly relevant. A 21st-century teacher is viewed not only as a transmitter of subject knowledge, but also as a leader, facilitator, and mentor capable of fostering students' critical thinking, creative potential, and social engagement. In this regard, the multiskilling concept, aimed at the integrated and balanced development of hard skills and soft skills in future teacher education, is gaining particular importance.

This article presents the results of an empirical study focused on identifying the relationship between hard skills (digital literacy, planning and organization of the educational process, management, and assessment) and soft skills (communication skills, teamwork, leadership, and adaptability) that determine future teachers' readiness for professional activity. The study was conducted at Abai Kazakh National Pedagogical University using questionnaires, testing, and mathematical-statistical methods, including Pearson's correlation analysis. The findings reveal a strong positive correlation between hard skills and soft skills indicators, which confirms the effectiveness of implementing the multiskilling approach in the educational process. The development of multi-profile competencies contributes to enhancing future teachers' professional flexibility, readiness for innovative activities, and ability to adapt to a rapidly changing educational environment.

It is concluded that integrating the multiskilling concept into the system of higher pedagogical education is a key condition for improving the quality of future teacher training and for preparing competitive specialists who meet contemporary labor market demands.

Keywords: future educator, multiskilling, professional training, hard skills, soft skills, correlation analysis, professional hybridization, professional flexibility

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 16.09.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Дауренбек Нуртуган – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазыбек би, 30 даңғылы, 050010, Алматы, Қазақстан, e-mail: nurtugan90@gmail.com. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7579-0946>

Көшербаева Айгерім Нұралықызы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, халықаралық педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, Қазыбек би, 30 даңғылы, 050010, Алматы, Қазақстан, e-mail: aigera63@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7579-0946>

Қалимолдаева Ардақ Кеңесбайқызы - педагогика ғылымдарының докторы, Педагогика және психология кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, Қазыбек би, 30 даңғылы, 050010, Алматы, email: ardak.kenesbay@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-0193-5559>

Информация об авторах:

Дауренбек Нуртуган - докторант образовательной программы «Педагогика и психология», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, проспект Казыбек би, 30, 050010, Алматы, Казахстан. E-mail: nurtugan90@gmail.com. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7579-0946>

Көшербаева Айгерим Нуралиевна - доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой Педагогика и психологии, Академик МАНПО, КазНПУ имени Абая, проспект Казыбек би, 30, 050010, Алматы, Казахстан. E-mail: aigera63@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3307-9814>

Калимолдаева Ардак Кенесбаевна - доктор педагогических наук, доцент кафедры Педагогика и психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая email: ardak.kenesbay@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-0193-5559>

Information about the authors:

Daurenbek Nurtugan - doctoral student in Pedagogy and Psychology Program, Abai Kazakh National Pedagogical University, 30 Qazybek Bi Ave., 050010, Almaty, Kazakhstan. E-mail: nurtugan90@gmail.com. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7579-0946>

Kosherbayeva Aigerim Nuralykyzy - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology, Academician of the International Academy of Pedagogical Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, 30 Qazybek Bi Ave., 050010, Almaty, Kazakhstan. E-mail: aigera63@mail.ru . ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3307-9814>

Kalimoldayeva Ardak Kenesbay - Doctor of pedagogical sciences, Department of Pedagogy and Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, email: ardak.kenesbay@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-0193-5559>